

ӘПК-нің 2-жобасы

БЕКІТІЛГЕН



«Әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша Ұлттық федерациясы»
Қоғамдық Бірлестігі (әрі қарай ҚБ) мүшелерінің
(Әрі қарай мәтінде Қоғамдық бірлестігі)
10-ақпан 2025 жылғы өткізілген
жалпы жиналысының
№012 Шешімімен

**Мұхамед Хайдар Дулати атындағы үш тілде оқытатын №8
мамандандырылған гимназия**

КЕЛІСІЛДІ

Мектеп кеңесімен

___. ___. 202__ ж. №... хаттама

ҚАБЫЛДАНДЫ

Педагогикалық кеңеспен

___. ___. 202__ ж. №... хаттама

БЕКІТІЛДІ

№8 МГ бұйрығымен

от ___. ___. 202__ г. № __

ЖАРҒЫСЫ

«Патриот» әскери-патриоттық клубының

1. Жалпы ережелер

1.1. «Патриот» әскери-патриоттық клубы (бұдан әрі - әскери-патриоттық клуб) - Шымкент қаласындағы М.Х. Дулати атындағы үш тілде оқытатын № 8 мамандандырылған гимназия оқушыларының ерікті қоғамдық коммерциялық емес бірлестігі.

1.2. Әскери-патриоттық клуб еріктілік, өзін-өзі басқару, тең құқылық, заңдылық және жариялылық қағидаттары негізінде жұмыс істейді.

1.3. Әскери-патриоттық клуб Қазақстан Республикасының Конституциясын басшылыққа алады, өз Жарғысы, бағдарламалық құжаттары негізінде әрекет етеді, өзінің рәмізі болады.

1.4. Әскери-патриоттық клуб Шымкент қаласындағы М.Х. Дулати атындағы үш тілде оқытатын № 8 мамандандырылған гимназия әкімшілігінің қолдауымен __ жылғы __ қыркүйекте жастардың бастамашыл тобының жалпы жиналысының шешімі негізінде құрылды.

1.5. Әскери-патриоттық клуб жарғылық мақсаттар мен міндеттерді неғұрлым толық іске асыру мүддесінде басқа қоғамдық ұйымдармен және бірлестіктермен, қозғалыстармен, еңбек ұжымдарымен және жекелеген азаматтармен өзара тиімді жағдайларда ынтымақтасады.

1.6. «Патриот» әскери-патриоттық клубының меен-жайы: Шымкент қаласы, Қазыбек-Би көшесі, 29/1.

2. Әскери-патриоттық клубтың мақсаттары мен міндеттері

Әскери-патриоттық клубтың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

2.1. Жастарды патриоттық тәрбиелеу.

2.2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында жастарды Отанды қорғау жөніндегі әскери қызметке даярлау.

2.3. Білім алушылар арасында Қарулы Күштердің беделін арттыру.

2.4. Халқымыздың батырлық өткеніне құрметпен және жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.

2.5. Жастардың зияткерлік және дене белсенділігін дамыту, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау.

2.6. «Қауіпсіздік мектебі» бағдарламасы шеңберінде төтенше және төтенше жағдайларда дұрыс мінез-құлық дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыру.

2.7. Атыс қаруын қолдану дағдыларын қалыптастыру және дамыту.

- 2.8. Жастарды өрт сөндіру құралдарымен және өрт сөндіру техникасымен жұмыс істеуге үйрету.
- 2.9. Жауынгерлік даңқ мектеп мұражайының жұмысын қамтамасыз ету, оны жаңа экспонаттармен толықтыру, Естелік вахталарына қатысу.
- 2.10. Ұлы Отан соғысының ардагерлерін байланыста ұстау және оларға көмек көрсету.
- 2.11. Әскери-патриоттық клубтардың аудандық және облыстық жарыстарына және туристік слеттарға қатысу.

3. Әскери-патриоттық клубқа мүшелік.

Әскери-патриоттық клуб мүшелерінің құқықтары мен міндеттері.

- 3.1. Жарғыны танытын, әскери-патриоттық клубтың мақсаттары мен міндеттерін бөлісетін, әскери-патриоттық клубтың қызметіне қатысатын 14-тен 18 жасқа дейінгі (білім алушылар үшін) жеке тұлға әскери-патриоттық клубтың мүшесі бола алады.
- 3.2. Әскери-патриоттық клуб мүшелерінің тең құқықтары бар және тең міндеттерді атқарады.
- 3.3. Әскери-патриоттық клубқа кіру оқуға түсушінің жеке өтініші бойынша жүргізіледі және Клуб кеңесінің шешімімен бекітіледі.

3.5. Члены военно-патриотического клуба имеют право:

- 3.5.1. Клуб Кеңесінің құрамына сайлануға және ол құрамды сайлауға.
- 3.5.2. Әскери-патриоттық клуб қызметінің барлық мәселелері бойынша өз көзқарасын білдіру және қорғауға.
- 3.5.3. Әскери-патриоттық клубтың басшылық органдарының қарауына клуб қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге.
- 3.5.4. Әскери-патриоттық клубтың барлық іс-шаралары мен бастамаларына қатысуға.
- 3.5.5. Бұл туралы клубтың басшы органдарын алдын ала хабардар ете отырып, әскери-патриоттық клубқа мүшелікті кез келген уақытта тоқтатуға.

3.6. Әскери-патриоттық клубтың мүшелері міндетті:

- 3.6.1. Әскери-патриоттық клубтың осы Жарғысын сақтауға.
- 3.6.2. Әскери-патриоттық клубтың басшы органдарының шешімдерін, егер олар өздеріне берілген өкілеттіктерден аспаса және Жарғыға қайшы келмесе, орындауға.
- 3.6.3. Әскери-патриоттық клубтың отырыстарына үнемі қатысып тұру, әскери-патриоттық клубқа оның істеріне қатысу арқылы қолдау көрсету.
- 3.6.4. Клубтың беделін қолдау, оның қызметін, әскери-патриоттық клубтың мақсаттары мен міндеттерін насихаттау.

3.7 Членами военно-патриотического клуба «патриот» могут являться преподаватели и учащиеся Специализированной гимназии №8 с обучением на трех языках им. М.Х. Дулати и учителей.

3.7. М.Х. Дулати атындағы үш тілде оқытатын № 8 мамандандырылған гимназияның оқытушылары мен оқушылары «Патриот» әскери-патриоттық клубының мүшелері бола алады.

4. Әскери-патриоттық клубтың ұйымдық құрылымы

4.1. М.Х. Дулати атындағы үш тілде оқытатын № 8 мамандандырылған гимназияның оқушыларынан құрамдалған ұжым және оқытушылары «Патриот» әскери-патриоттық клубы мүшелерінің негізі болып табылады.

4.2. Әскери-патриоттық клубтың ұжымы өз өмірі мен қызметінің барлық мәселелерін дербес шешеді.

4.3. Әскери-патриоттық клубтың жоғары басшы органы

Клуб кеңесінің шешімі бойынша қажеттілігіне қарай не клуб мүшелерінің кемінде 1/3 бөлігінің талабы бойынша шақырылатын әскери-патриоттық клубтың жалпы жиналысы.

4.4. Әскери-патриоттық клуб мүшелерінің жиналысы:

4.4.1. Клуб Жарғысын қабылдайды, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

4.4.2. Әскери-патриоттық клуб қызметінің негізгі бағыттарын айқындайды.

4.4.3. Жиналыстар арасындағы ағымдағы жұмысты ұйымдастыру үшін Клуб кеңесін сайлайды, секторларды қалыптастырады.

4.4.4. Кеңес пен секторлардың қызметін бақылауды жүзеге асырады.

4.4.5. Әскери-патриоттық клубты қайта ұйымдастыру немесе қызметін тоқтату туралы шешім қабылдайды. 4.5. Общее Собрание членов клуба является правомочным, если в его работе принимает участие более половины членов клуба.

4.6. Клуб мүшелерінің жалпы жиналысының шешімі, егер оған жиналыстың жұмысына қатысатын клуб мүшелерінің кемінде 2/3 дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

4.7. Әскери-патриоттық клубтың кеңесі:

4.7.1. Жиналыстар арасындағы кезеңде ағымдағы жұмысты ұйымдастырады, әскери-патриоттық клубтың қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

4.7.2. Әскери-патриоттық клуб мүшелерінің кезекті және кезектен тыс жиналыстарын шақырады, Жиналыстар шешімдерінің орындалуы бойынша жұмыс жүргізеді.

4.7.3. Әскери-патриоттық клуб кеңесін әскери-патриоттық клубтың басшысы басқарады.

4.8. Руководитель военно-патриотического клуба:

4.8.1. Әскери-патриоттық клуб кеңесінің қызметіне басшылық жасайды, Әскери-патриоттық клуб мүшелері жиналысының шешімдерін орындауды жүзеге асырады.

4.8.2. Әскери-патриоттық клуб кеңесінің жиналыстары мен отырыстарына төрағалық етеді.

4.8.3. Басқа қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің, еңбек ұжымдары мен қозғалыстардың алдында әскери-патриоттық клубтың атынан өкілдік етеді.

4.8.4. Әскери-патриоттық клубтың басшысы әскери-патриоттық клуб қызметінің нәтижелеріне, клубқа бөлінетін мүлік пен ақшалай қаражаттың мақсатты пайдаланылуына жауап береді.

4.8.5. Клубтың жұмыс жоспарын жасауға қатысады.

4.8.6. Аудан және облыс жастарының басқа да клубтарымен және бірлестіктерімен байланысты ұйымдастырады.

4.8.7. Әскери-патриоттық клубтың басшысы М.Х. Дулати атындағы үш тілде оқытатын № 8 мамандандырылған гимназияның Бастапқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мұғалімі болып табылады.

4.9. Военно-патриотического клуб действует на базе Специализированной гимназии №8 с обучением на трех языках им. М.Х. Дулати. Әскери-патриоттық клуб М.Х. Дулати атындағы үш тілде оқытатын № 8 мамандандырылған гимназияның базасында жұмыс істейді.

4.10. Әскери-патриоттық клубтың оқытушылар құрамы:

4.10.1 Клуб жұмысының бағдарламасын іске асыру үшін мектеп мұғалімдерінен оқытушылар құрамы құрылады.

4.10.2. Оқытушылар даярлаудың мынадай бағыттары бойынша іріктеледі:

- дене тәрбиесі;
- медициналық даярлау және алғашқы көмек көрсету;
- өрт-қолданбалы спорт;
- саптық, атыс және әскери даярлықтың өзге де түрлері, әскери-қолданбалы спорт түрлері, әскери-спорттық ойындар, слеттер мен спартакиадалар;

5. Әскери-патриоттық клубты қаржыландыру көздері және оның мүлкі

5.1. Әскери-патриоттық клубтың қаржы қаражаты демеушілердің ерікті жарналары, лицей әкімшілігі, оқушылардың ата-аналары тарапынан қаржылық қолдау есебінен құрылады.

5.2. Әскери-патриоттық клубтың қаржы қаражаты Клуб кеңесінің шешімі бойынша әскери-патриоттық клубтың жарғылық мақсаттары мен міндеттерін орындауға жұмсалады.

5.3. Әскери-патриоттық клуб М.Х. Дулати атындағы үш тілде оқытылатын № 8 мамандандырылған гимназияның әкімшілігі бөлетін үй-жайда орналастырылады.

6. Әскери-патриоттық клубтың қызметін тоқтату

6.1. Әскери-патриоттық клубтың қызметі әскери-патриоттық клуб мүшелері жалпы жиналысының шешімі бойынша тоқтатылуы мүмкін.